Бекітемін:__________
МКҚК«Арайлым»бөбекжай
Директоры: Жармухамбетова Л.В.
«01»__09________________2022жыл

# Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тохтархан А.

Білім беру ұйымы :МКҚК «Арайлым» бөбекжайы
Топ: мектепалды топ
Балалардың жасы: 5-6 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі:, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастыр-ылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ;<br>Сөздік қор:<br>1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың жемістердің, көгөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну (киіз үй, оның ішінде жиһаз, тұрмыстық заттар) дағдыларын қалыптастыру;<br>2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен орындалатын әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету;<br>3) 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету. |
| **Қазан** | Қазақ тілі | Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді өзара байланыстыру дағдысын жаттықтыру;<br>Сөздік қор:<br>Отбасы туралы қарапайым сөздерді жаттау.Екі сөзден сөйлем құрауға үйрету.<br>Өлең жаттау арқылы сөздік қорларын молайту.<br>Күделікті жиһаздар , ойыншықтар , жеке мәдини гигиеналық заттардың атын қайталап атау.<br>Сюжетті сурет бойынша сұрақ қойып жауап беруге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| **Қараша** | Қазақ тілі | Байланыстыра сөйлеу:<br>Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді, диалогқа қатысуды үйрету;<br>педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету; мақал-мәтелдерді айтуды үйрету.<br>Сөздік қор:<br>Өткен сөздерді қайталай отырып жаңа сөздерді жаттату. Кім? Не? Деген сұраққа жауап беруге дағдыландыру. |
| **желтоқсан** | Қазақ тілі | Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту.<br>Өзінің тұратын жерін (қала, ауыл) атауды үйрету;<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге баулу.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, |
| **Қаңтар** | Қазақ тілі | Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Сюжеттік сурет бойынша сұраққа жауап беруге үйрету.1-10ға дейін қазақша санауға жаттықтықтыру, қазақша санамақтар айтқызу.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. |
| **Ақпан** | Қазақ тілі | Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру, қазақша атаулары таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Наурыз** | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Ертегі фкейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Сәуір** | Қазақ тілі | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Мамыр** | Қазақ тілі | Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. |